



ОНДАСЫНОВТЫҢ
ОН ҚАФИДАСЫ

6-БЕТ | ТҰЛҒА



ҚАЛАҒА СӘН
ҚОСҚАН ЭКОЖОБА

7-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҮЗДІК ТЕАТР АТАНДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ БИЛІККЕ ЖАҢА
БУЫН ӨКІЛДЕРІ КӨПТЕП КЕЛЕ БАСТАДЫ.
КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ, ҚОҒАМДАҒЫ БЕЛСЕНДІ
АЗАМАТТАРДЫҢ, ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНАН
ШЫҚҚАН ӘКІМДЕР АЗ ЕМЕС. ҚАЗІР ОЛАР ЕЛ
БАСҚАРУ ІСІН ҮЙРЕНІП, ТӘЖІРИБЕ ЖИНАП
ЖАТЫР. ЖЕДЕЛ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАП,
ЖҰМЫСТЫ ДЕР КЕЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА
БЕЙІМДЕЛІП КЕЛЕДІ.

№119
(4707)
Сенбі
5 қазан
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МАҚСАТЫМЫЗ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, елдің алты саяси партиясы өкілдерінің, сондай-ақ бір мандатты округтерден сайланған депутаттардың қатысуымен II республикалық мәслихат депутаттарының форумы өтті.

Мемлекет басшысы аталған форумда сөз сөйледі. Президент өз сөзінде мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтіп, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгеніне, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгеніне, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғанына назар аударды.

(Соңы 2-бетте)

АНТИКОР ЕСКЕРТЕДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мессенджерлерде (WhatsApp, Telegram және т. б.) Антикор басшылығы мен қызметкерлерінің атынан жалған аккаунттар құрған және жалған ақпарат тарататын алаяқтар туралы тағы да ескерту жасады.

«Жалған ақпараттық таратуларға сенбеді, күмәнді сілтемелерге өтпеді, сондай-ақ қолма-қол ақша аудармауды сұраймыз. Осындай қоңыраулар мен таратуларды алған жағдайда, осы фактілер туралы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына дереу хабарлауды сұраймыз» делінген хабарламада.



МҰҒАЛІМ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ

Бүгін – Мұғалімдер күні. Педагогтардың кәсібилігі мен өз ісіне деген жанашырлығының арқасында білімді жандардың бірнеше буыны қалыптасып келеді. Бұл ретте ұлттық құндылықтарға бағдарланған елорда мектептерінің білім сапасын білікті ұстаздармен тікелей байланыстыруға әбден болады. Жаңа оқу жылында елорданың білім беру ұйымдарында 26944 педагог жұмыс істейді.

Құрметті ұстаздар!

Сіздерді Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер ең жауапты әрі маңызды міндеттердің бірі – балаларымызды тәрбиелеп, оларға білім бересіздер.

Сіздердің өлшеусіз еңбектеріңіздің арқасында ғылыми жетістіктерге жетіп, медальға қол жеткізген, республикалық және халықаралық жарыстарда Астананың атынан сынға түсетін талантты және ынталы балалардың жаңа буыны өсіп келеді.

Өткен оқу жылының өзінде елордалық оқушылар 445 медаль жеңіп алды, бұл – сіздердің ел болашағына қосқан үлестеріңіз.

Сіздер жайлы жағдайда жұмыс істеу үшін біз елорданың білім беру инфрақұрылымын дамытуды әрі қарай да жалғастырамыз. Биылғы оқу жылында 15 жаңа мектеп ашылды, ал жыл соңына дейін тағы 9 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Біз сіздердің жұмыстарыңызға ерекше назар аудару және қолдау қажет екенін түсінеміз.

Білім беру жолындағы шыдамдылықтарыңыз, өз мамандықтарыңызға деген адалдықтыңыз үшін алғысым шексіз. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және табыс тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



Елордада 6 қазанда жаңа №501 және №502 экспресс-бағдарлары желіге шығады. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты CTS-ке сілтеме жасап хабарлады.

Бағдарлар бағыты: №501 экспресс-бағдар – Абайдың 150 жылдығы көшесі – халықаралық әуежай; №502 экспресс-бағдар – теміржол вокзалы – «Бағыстан» тұрғын үй кешені қатынасымен жүреді. Әр бағыт бойынша 8 автобус қызмет көрсетеді, жалпы саны 16 автобус болады. Қатынау жиілігі 14-20 минут. Жол жүру құны – 250 теңге. Экспресс-бағдарлардың жұмысы туралы ақпарат @cts_kz парақшасында жарияланады. Автобустардың қозғалысын «Autobus», 2ГИС және Яндекс Карта қосымшалары арқылы бақылауға болады.



6-13 қазан аралығында Астанада үстел теннисінен XXVII Азия чемпионаты өтеді. Қазақстан астанасы алғаш рет құрлықтық біріншілікті қабылдайды.

Азия чемпионатында 26 елден барлығы 210 спортшы өнер көрсетеді. Астана төрінде құрлықтың барлық үздік ойыншылары қатысады. Медальдар ерлер мен әйелдер арасында жеке, командалық, сондай-ақ жұптық және аралас разрядтарда ойналады. Жарыс «Beeline Arena» ұлттық теннис орталығында өтеді. Көрермендер үшін кіру тегін. Чемпионатты «Qazsport» телеарнасында тікелей эфирден көрсетеді.

№119 (4707) 05/10/2024 Сенбі

(Соңы. Басы 1-бетте)

**РЕФОРМАНЫҢ
НАҚТЫ НӘТИЖЕСІ**

«Онда жергілікті өкілді билікке қатысты мәселелер де бар. Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек қана мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жаңадана түсті. Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің оннан бірі ғана – партиялық тізіммен келген депутаттар. Қалғаны түгел – бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған 434 адам депутат атанды. Ашығын айтсақ, бұрын саяси партиялар түрлі санаттағы азаматтармен жұмысқа көп көңіл бөлмейтін. Заңмен талап еткеннен кейін ғана мән бере бастады. Мысалы, партиялық тізімде жастарға арнайы квота бөлінді. Бұл шешім олардың қоғамдық-саяси үдеріске араласуына жол ашып берді. Бұрын мәслихаттағы жас азаматтардың үлесі 2 пайызға да жетпейтін. Қазір заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұл көрсеткіш еселеп артты деуге



МАҚСАТЫМЫЗ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ



болады. Бүгін де ортамызда көптеген жас депутаттар отыр. Олар түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүр. Өкілді билікте әйелдердің қатары көбейе түсті. Елімізде қыз-келіншектердің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетілуде. Әйелдердің құқығын қорғауға баса назар аударылып жатыр. Осының бәрі реформаның нақты нәтижесі екені сөзсіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚПЕН
БАЙЛАНЫС ЖАСАЙ
БІЛУІ КЕРЕК**

Президент депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең бірінші кезекте, мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек деп санайды.

«Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты. Біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен, оларды ұсынған партиялар мүдделі болуы керек. Бүгін мәслихат депутаттарының

біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет. Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Партиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында академиямен ынтымақтастық орнатқан жөн деп санаймын. Әрине, бұл жұмысты аймақтың ерекшеліктерін, халық қалаулыларының кәсіби және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге депутаттар халықпен тікелей байланыс жасай білуге және өз жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабардар етуге тиіс. Мойындауымыз керек, бұл істе көзге көрініп тұрған кемшіліктер бар» деді Президент.

**БЕКЕМ БІРЛІКТІҢ
ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ**

Мемлекет басшысының пікірінше, мәслихаттардың жергілікті экономикалық саясатқа ықпалын арттыра түсу мәселесіне айрықша мән берген жөн.

«Қазір жаңа Бюджет және Салық кодекстері әзірленіп жатыр. Онда жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты реформаның ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Үкімет ауыл әкімдерінің бюджетін қалыптастыру және оны

жұмсау тәсілдерін қайта қарауы керек. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаржылық дербестігін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі қажет. Кодекс жобаларын талқылауға мәслихаттар белсене қатысқаны жөн. Жергілікті бюджет қаржысының дұрыс әрі тиімді бөлінуі өте маңызды. Депутаттар бұл мәселеге зор жауапкершілікпен қарауға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент саяси партиялардың қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған

жобалары мен бастамаларына тоқталып, көктемгі алапат су тасқыны кезінде бекем бірліктің үлгісін көрсеткен партиялардың, өзін-өзі ұсынған депутаттардың азаматтық белсенділігіне оң баға берді.

«Партиялардың жалпыұлттық міндеттерді шешу ісіне жұмыла кірісетіні қуантады. Тоғыз мыңнан астам отбасы су басқан үйлерін жөндеуге және қалпына келтіруге төлем алды, алты мыңға жуық отбасына баспана сатып алуға қаржы бөлінді. Қысқа мерзім ішінде 2,5 мыңнан астам жаңа үй салынды. Жоспарланған 2680 үйдің 2620-сы пайдалануға берілді. Мұның барлығы – мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бірлесе атқарып жатқан жұмысының нәтижесі. Мен саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар дәл осындай мызғымас бірлікте жұмыс істеуі керек деп санаймын. Түптеп келгенде, алдымызда тұрған мақсат ортақ. Бұл – елімізді өркендету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту» деді Президент.

**САЙЛАУ ЖАҢА
АХУАЛДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ**

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала

әкімдерін тікелей сайлау жүйесі елімізде жаңа саяси ахуалдың қалыптасуына жол ашқанын атап өтті.

«Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Кәсіпкерлердің, қоғамдағы белсенді азаматтардың, жастардың арасынан шыққан әкімдер аз емес. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинап жатыр. Жедел шешім қабылдап, жұмысты дер кезінде ұйымдастыруға бейімделіп келеді. Бұл қыста жылу-энергетика саласында күрделі жағдай болған кезде анық байқалды. Көктемдегі тасқын да кімнің қолынан іс келетінін нақты көрсетті. Шаруаға ширақ әрі елге жанашыр азаматтардың әкім болғаны дұрыс. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесе жұмыс істегені жөн. Өйткені оларды мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі деуге болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

тиялық қоғам айналасына бейжай қарамайтын азаматтардың арқасында ғана дамиды, өміршең болады. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев келер ұрпаққа қажетті жағдай жасау ортақ парымыз екеніне назар аударып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, олардың жан-жақты дамыту мемлекеттік саясаттың ең басты басымдығы болып қала беретінін жеткізді.

**ШЫНАЙЫ
ҚАҒАРМАНДАРДЫ
НАСИХАТТАЙЫҚ**

Сонымен қатар Президент бақытты балалықтың негізі отбасы институты екеніне тоқталып, ата-аналарды тәрбие мәселесіне салғырт қарамауға шақырды. Әсіресе, ұрпақтың цифрлық дүниелерге тәуелді болуы мен виртуалды әлемге шектен тыс құмартуы нағыз дертке айналып бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп, керісінше, оларға ел ішіндегі шынайы қаһармандарды насихаттау қажет екенін айтты.

«Мысалы, жақында өткен Дүниежүзілік олимпиададағы шахматшы қыздарымыздың жарқын жеңісі үлгі етуге тұрарлық. Біздің оқушылар математикадан, физикадан және басқа да пәндерден өткен олимпиадаларда жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Осындай талантты балаларды қолдап, олардың ұстаздарын ынталандыру керек. Таяуда академик Асқар Жұмаділдаев осы турасында: «Біздің спортшылар Олимпиадаға барып, қарсыластарын төпелеп ұрып, танауын бұзып келеді. Кейін оларды әуежайда қарақұрым халық қарсы алып құттықтайды, тіпті пәтер мен көлік сыйлап жатады. Ал математика, физика, химия пәндерінен өткен халықаралық олимпиадаларда бірінші орын алған балаларымызға мұндай құрмет көрсетілмейді» деп орынды пікір білдірді» деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастырудың, Заң мен Тәртіп үстемдігін орнатудың маңызы жөнінде пікір білдірді. Жиында Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Мәжіліс депутаттары Юлия Кучинская, Ринат Зайытов, «Қазатомпром» ҰАК» АҚ ядролық отын циклі жөніндегі басқарушы директоры Әсет Махамбетов, Атырау облыстық мәслихатының депутаты, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының орынбасары Сырымбек Сәрсембаев, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, кеншілердің «Қорғау» кәсіподағының төрағасы Евгений Булаев сөз сөйледі.



Президенттің айтуынша, әділ сот – мемлекеттің тірегі, сондықтан сот билігі қашанда абыройлы әрі мінсіз болуға тиіс.

«Заң мен Тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаяды» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің сот саласын кешенді реформалау ісіндегі қол жеткізген негізгі жетістіктеріне тоқталды.

«Елімізде Конституциялық сот құрылды. Сот жүйесінің институционалдық дербестігі нығайды. Сала бюджетін басқару құзыреті қазылар қауымының өзіне берілді. Күштік құрылымдар судьяларға қысым көрсетпеуі үшін тиісті шаралар қабылданды. Кадрларды іріктеу жүйесі жаңартылды. Бірінші сатыдағы сот төрағасы қазылар қауымының ұсынысымен тағайындалады. Жоғарғы Соттың судьялары Конституцияда көрсетілген жаңа тәртіп бойынша сайланатын болды, яғни оларды Сенат баламалы негізде таңдайды. Алқа билер тәжірибесі кеңінен қолданыла бастады. Қазір оларды іріктеу жұмысы цифрлық жүйеге толық көшкен. Сондай-ақ Әкімшілік әділет қызметі пайда болды. Бұл құрылым жеке адамдардың және кәсіпкерлердің құқығын тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Бүгінде сот істерінің жартысынан астамы азаматтар мен бизнестің пайдасына шешіліп жатыр. Бұл – жақсы үрдіс. Түптеп келгенде, мұның бәрі экономиканы өркендетуге және еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға жол ашады» деді Президент.

Мемлекет басшысы соттардың қызметін одан әрі жетілдіруге басым міндеттерге назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сот төрелігіне қол жеткізуде соттардың шешіміне кассациялық тәртіппен шағымдану мүмкіндігін беру маңызды.

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ ҚҰҚЫЛЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Судьяларының IX съезіне қатысып, сөз сөйледі. Іс-шараға еліміздің барлық аймағынан келген судьялар, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ шетелдік сарапшылар қатысты.

«Биыл шілде айында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке-жеке кассациялық сот құруды қарастыратын заңға қол қойдым. Олар өз қызметіне келесі жылдың 1 шілдесінен бастап кіріседі. Қазір оған қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу маңызды. Кассациялық соттардың кадрлық құрамы тәжірибелі судьялардан жасақталуы керек. Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең

бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады. Енді жоғарғы сот органы сот практикасының бірыңғай болуын қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне алаңсыз кірісе алады» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, келесі басымдық – саланы цифрландыруды жалғастыру.

«Цифрлық технологиялар азаматтардың сот процесіне қатысуын айтарлықтай жеңілдетті. Сондай-ақ сот қызметінің

барынша ашық болуын қамтамасыз етті. Елімізде арнайы ақпараттық жүйе бар. Судьялар сол арқылы басқа соттардың шешімдерімен таныса алады. Бұл – әділ сот актілерін қабылдауға мүмкіндік беретін ұтымды тәсіл. Соның арқасында ортақ мәлімет қоры қалыптасады. Бұл деректер сот процесіне қатысатын тараптың бәріне қолжетімді болуы керек. Сол кезде әркім өзіне қатысты істің нәтижесін бағамдай алады. Бұл бастама сотта қаралатын дау-дамайды азайтады. Жұртта босқа арызданып, шағымдана бермейді. Жалпы, сот ісін

жеңілдету – маңызды міндет. Ол үшін озық технология мен жасанды интеллектті кеңінен пайдаланған жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сот ісін қашықтан жүргізу азаматтық істер бойынша аумақаралық соттылық жүйесін енгізуге мүмкіндік бергенін айтты. Сондай-ақ осы тәжірибені әкімшілік істерде қолдануды көздейтін заң жобасы депутаттардың қарауында жатыр.

«Биыл сот отырыстары алғаш рет онлайн көрсетіле бастады. Осындай тәсілмен екі сот процесі өтті. Сот істері миллиондаған адамның көз алдында мейлінше ашық жүргізілді. Мұндай қадам жұрттың сот жүйесіне сенімін нығайта түсті деуге болады. Бұл – әрине, бұрын-соңды болмаған жаңашылдық. Сондықтан судьялар мен айыптаушыларға

қойылатын талап күшейді. Сотқа қатысушы тараптар ашық сот алаңында өз ойларын еркін жеткізе алады. Барлық сот отырысында осындай жоғары стандарт болуы керек. Сотты онлайн өткізудің тағы бір ұтымды тұсы бар. Азаматтардың құқықтық сана-сезімі өзгеріп келеді. Заңгер мамандығына деген қызығушылық артты. Жастар заң саласындағы мамандарды үлгі тұта бастады. Мұның бәрі қоғамда кәсіби маман болу құндылығын дәріптеуге мүмкіндік береді. Жалпы, сотты онлайн өткізу жұрттың құқықтық мәдениетін көтеруге оң әсер етуде. Бұл – елімізде Заң мен Тәртіп қағидатын орнықтыратын тиімді тәсіл» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот мамандарын іріктеу және құзыретін күшейтуге баса мән беру қажет екенін жеткізді. Президенттің айтуынша, Жоғарғы сот кенесі дербес әрі кәсіби судьялар корпусын қалыптастырудың кепілі болуға тиіс.

«Жалпы, судьялар адалдықтың, дербестіктің және әділдіктің жарқын үлгісі болуы керек. Сондықтан судьялардың этикалық нормаларды сақтауы ерекше маңызды. Жаңа өзгерістерге сай енді сот ісін қарау кезіндегі барлық өрескел қателікті қазылар қауымы тексереді. Бұл – соттардың тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған жаңа тәсіл» деді Президент.

Сөз соңында Мемлекет басшысы судьялардың жаңа Әдеп кодексі қабылдауды қолдады. Бұл құжат соттардың тәртібінде жоғары стандарттарды бекітіп, сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайта түседі. Жиында Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев, Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (СЕРЕУ) президенті Франческо Депакуале, Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының (ІАСА) президенті Луис Пальма сөз сөйледі.



КҮШ-ЖІГЕРДІ ҮЙЛЕСТІРУ ТЕТІГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД елдері қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтері басшылары кеңесінің 55-отырысына қатысушылармен кездесті.

Президент бұл алаңның қауіпсіздік саласындағы күш-жігерді үйлестіру тетігі ретінде танылғанын, сондай-ақ қазіргідей күрделі кезеңде кеңестің рөлі бұрынғыдан да артып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы шұғыл және сараптамалық ақпаратпен дер кезінде

алмасу өңірлік қауіпсіздікке төнетін қауіптер мен сын-қатерлерге қарсы тұру қабілетін арттыра түсуге және елдеріміздің ұлттық мүдделерін қорғау үшін үйлестірілген тәсілдерді дайындауға ықпал ететінін айтты.

Қазақстан Президенті бұл кездесудің қорытындысы халықаралық қа-

уіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізіп, достастық мемлекеттерінің арнаулы қызметтері арасындағы өзара ықпалдастықты одан әрі дамытуға оңтайлы жағдай жасайтынына сенім білдірді.

Жиынға Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан елдерінің, сондай-ақ ТМД терроризмге қарсы орталығы мен Атқарушы комитеті делегацияларының басшылары қатысты.

ҰЛТТЫҚ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёлге құттықтау жеделхатын жолдап, ел басшысы мен корей халқын Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент жеделхатында Кореяны экономикалық және технологиялық дамуда зор жетістіктерге қол жеткізген мемлекет ретінде атап өтіп, екі ел арасындағы қарым-қатынас стратегиялық серіктестік рухында нығайтып келе жатқанына тоқталды. Сонымен қатар дәстүрлі достық

пен берік байланысқа негізделген қазақ-корей ықпалдастығы халықтардың игілігі үшін одан әрі жандана беретініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Корея Республикасы Президентінің жауапты қызметіне толағай табыс, достас корей халқына құт-береке тіледі.

ВЕДОМСТВО ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеуді қабылдады. Президентке министрліктің атқарып жатқан қызметі туралы мәлімет берілді.

Мұрат Нұртілеу өзі қатысқан Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы 79-сессиясының жұмысы, сондай-ақ Болашақ саммитінің қорытындысы жөнінде баяндады. Сыртқы істер министрі БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, шет мемлекеттердің сыртқы саясат ведомстволарының басшыларымен және халықаралық

ұйымдардың жетекшілерімен келіссөз жүргізгенін айтты. Кездесуде Қазақстан Президентінің қатысуымен алдағы уақытта өтетін халықаралық іс-шаралардың кестесі қарастырылды.

Мемлекет басшысы Сыртқы істер министрлігіне ведомство қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар міндет жүктеді.

НЕМІС ХАЛҚЫНА ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайерге құттықтау жеделхатын жолдап, ел басшысы мен барша Германия халқын Бірлік күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының

өркендей беруіне тілектестік білдірді. Сондай-ақ Қазақстан мен

Германияның дәстүрлі достық пен өзара тиімді серіктестік рухындағы ынтымақтастығы одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Франк-Вальтер Штайнмайердің аса жауапты қызметіне толайым табыс, ал достас Германия халқына бақ-береке тіледі.

№119 (4707) 05/10/2024 Сенбі

ТӨРТ КІТАПХАНА АШЫЛАДЫ

Елордада биыл 4 жаңа кітапхана ашылады. Бұл жаңалықты қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желі арқылы жариялады.



– Балаларды ерте бастан кітап оқуға баулудың маңызы зор. Бұл баланың сауатын арттырып, сөздік қорын көбейтіп қана қоймай, көкірек көкжиегін кеңейтуге де әсер етеді. Қаламыздағы «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» 18 кітапханадан тұрады. Биыл 4 кітапхана ашылады. Олардың 2-еуі қазірдің өзінде ашылды. Бүгін балаларға арналған жаңа кітапханаға бардым. Жалпы ауданы 340 шаршы метрді құрайтын кітапхана балаларға қызмет көрсетуге арналған. Ересектер де кітапхана қызметін пайдалана алады. Бұл кітапхананың қоры 3 мыңға жуық жаңа кітаптан тұрады, – деп жазды қала әкімі.

Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының кітап оқитын халық қана нағыз

интеллектуалды бола алатынын айта келе, «Жас ұрпақтың кітапқа деген құштарлығын оятуымыз керек» деп баса айтты.

«Жуырда Астанада тағы 2 кітапхана ашамыз. Осылайша қаланың кітапхана желісі 22 кітапханаға жетеді. Олардың арасында зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана да бар. Қолданыстағы кітапханаларды жаңғырту жұмысымен де айналысамыз. Өткен жылы 4 кітапхананы, биыл 4 кітапхананы жаңарттық. Қалалық желінің кітап қоры 800 мыңға жуықтап, кітапхана қорына берілген кітаптар саны өткен жылмен салыстырғанда 30 пайызға артты. Кітапхана – білім орталығы әрі демалыс орны» деп жазды Жеңіс Қасымбек.



ЖАСТАРДЫ ЖАЛЫНДАТҚАН «ЖҰЛДЫЗАЙ»

Бас қалада мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерді қолдау мақсатында елімізде жыл сайын ұйымдастырылатын «Жұлдызай» республикалық ұлттық инклюзивті ойындары өтті.

Балалардың спортқа деген қызығушылығын ояту, салауатты өмір салтын ұстануға, олардың спорттық әлеуетін дамытуға, физикалық және интеллектуалдық шектеулерге қарамастан, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған салтанатты іс-шараның ашылуына ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Азамат Имашев қатысып, сөз сөйледі.

«Астана төрінде «Жұлдызай-2024» республикалық ұлттық инклюзивті ойындарына келіп отырған қонақта-

рымызға алғысымды білдіремін. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі бұқаралық спорттың даму барысын қадағалап отырады. Әр Жолдауында бұқаралық спорттың маңызына тоқталады. Қатысушыларға сәттілік тілей отырып, ерік-жігеріңіз мықты бола берсін дегім келеді» деді ол.

Биылғы іс-шара 3-5 қазан аралығында Ж.Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайы, «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешені, «Saigan Arena» спорт клубында және Паралимпиада жаттығу орталығында өтті. Бәсекеге 10-16 жастағы мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер қатысып, жеңіл атлетика, голбол, мини-футбол, үстел теннисі, ұлттық ойын түрлері: бес тас, асық ату және тоғызқұмалақ сияқты спорттың жеті түрінен сынға түсті.

Жарыста Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Абай, Ақмола, Атырау, БҚО, Ақтөбе, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, СҚО, ШҚО, Түркістан, Ұлытау облыстарынан 600-ге жуық қатысушы бас қосты.

Айта кетейік, 2016 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқан республикалық додаға 2024 жылдың сәуір-маусым айларында еліміздің барлық өңірінде іріктеу кезеңі өткен еді.



ВОЛОНТЕРЛЕР ФОРУМЫ

Астанада АӨСШК жастар кеңесінің мұрындық болуымен ұйымдастырылған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне (АӨСШК) мүше елдердің волонтерлік қозғалыстары көшбасшыларының слеті өтіп жатыр.

Жиынға Қырғызстан, Ресей, Шри-Ланка, Қытай, Өзбекстан, Әзербайжан, Иран, Таиланд, Тәжікстан, Бахрейн және т. б. сияқты 21 елден 450-ден астам делегат қатысты. Олар волонтерлік қызметтің негізгі мәселелерін және оның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі рөлін талқылады.

Слеттің бірінші күні «Қоғамдағы волонтерлік қызметтің маңызы: Азия елдерінің тұрақты дамуына

жәрдемдесудегі волонтерлік қызметтің рөлін талқылау» тақырыбында АӨСШК жастар кеңесінің отырысы өтті. Онда мәдениетаралық диалогқа және қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды.

Слет сессияларында «Әлеуметтік және инклюзивті волонтерлік», «Зияткерлік волонтерлік: инновациялық тәсілдер және халықара-

лық тәжірибе», «Денсаулық сақтау саласындағы волонтерлердің рөлі», «Төтенше жағдайлардағы волонтерлік қызмет», сондай-ақ «Волонтерлердің экологиялық проблемаларды шешуге қосқан үлесі» тақырыптары талқыланды.

Алғашқы күннің қорытындысы бойынша қатысушылар АӨСШК кеңістігінде волонтерлік қызметті дамыту бойынша бірлескен ұсынымдар әзірлеуге кірісті.

Ардақты ұстаздар!



Ұстаз! Осы бір сөздің түбінде қаншама киелі құдірет, ұлағатты ұғым жатыр. Адам баласы не заманнан бері жаңаны үйреніп, ғылымды игеріп, білімді тоқумен келеді. Қай кезеңде болмасын тәлім мен тәрбие беру – ең ұлы мұрат. Бұл орайда оқушы зердесіне асылды дарытушы, білімнің бағдары мен ұрпақтың бағбаны ол, ең алдымен, ұстаз. Ендеше Ұстаздар күні – орны бөлек, дәрежесі биік, ұлық та ұлағатты мереке. Олай болса барша ұстаздар қауымын осынау мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын, қадірменді ұстаздар қауымы!

Ізгі ниетпен,
Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы
Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫНА – 15 ЖЫЛ

Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Дәулет» теннис орталығының 15 жылдық мерейтойы аталып өтті.

«Дәулет» теннис орталығының жаңа ғимаратын 2019 жылы атақты теннисшілер Рафаэль Надаль мен Новак Джокович салтанатты түрде ашқан болатын.

– Орталық әлемдік стандарттардың барлық талабына сәйкес етіп жасалған. Бастысы, іші заманауи стильде жабдықталған. Мұнда теориялық сабақтарға арналған әдістемелік залдар, тамақтану орындары

бар. Ал ашық және жабық теннис корттары өте әдемі. Орталыққа Қазақстан теннис федерациясы үнемі қолдау көрсетеді. 15 жылдық құтты болсын! – деді аталған кәсіпорынның алғашқы басшысы Қуандық Елжанов.

Салтанатты іс-шарада орталықта 10-15 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қызметкерлер Астана қаласы әкімінің орынбасары атынан алғыс хаттармен марапатталды.



ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Астанада есірткі заттарын жарнамалауға және таратуға қарсы күрес үшін Smart Astana қосымшасында «Есірткіге жол жоқ» қызметі іске қосылды.

Бұл қызмет тұрғындарға есірткі граффити және белгілері сияқты заң бұзушылық жағдайлары туралы жедел хабарлауға, ақпаратты құқық қорғау органдарына беруге мүмкіндік береді.


Қызметті пайдалану және есірткі заттарының жарнамасы мен айналымына қарсы күресте көмек көрсету үшін мынадай қадамдарды орындау қажет:

1. App Store немесе Google Play арқылы «Smart Astana» қосымшасын орнатыңыз және тіркеуден өтіңіз.
2. Негізгі беттегі қолданбада «танымал» бөлімін таңдаңыз.
3. «Есірткіге жол жоқ» бөліміне өтіп, «өтініш жіберуді» таңдаңыз.
4. Өтініш нысанын толты-

рыңыз: телефон нөмірі, Т.А.Ә., мекенжай (көше, үй нөмірі), өтініш мәтінін көрсетіңіз, сондай-ақ заң бұзушылықты дәлелдейтін фотосуреттерді немесе бейнематериалдарды тіркеліңіз.

5. Өтінішті жіберіңіз, ақпарат дереу қаралып және тиісті шаралар қабылдау үшін Астана қаласы ІІД жергілікті полиция қызметінің басқармасына автоматты түрде жіберіледі.

Қала тұрғындары «Есірткіге жол жоқ» қызметін белсенді пайдалануға, сол арқылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және есірткі қылмысына қарсы іс-қимылға жәрдемдесуге белсенді атсалысқаны абзал.



ҒАСЫРДАН АСҚАН ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛ

Бүгін – мұғалімдер күні. Ұлт ұрпағының ұғымтал болып өсуіне, білім мен тәрбие беру ісіне үлкен үлес қосып, саналы ғұмырын осы салаға арнаған мұғалімдер жетерлік. Білім мен білік, қажыр мен қайрат сынға түсетін ұстаздық қызметті өмірінің мәні де, сәні де ете білгендердің қатарында елордалық Сәрсембековтер отбасы да бар. Бір отбасының бірнеше буыны ұстаздық мамандықты таңдаған әулеттің бүгінде педагогикалық еңбек өтілі – 124 жыл.



«Алты Алаш бас қосса, төр – мұғалімдікі» деп Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұстаз еңбегі, ұстаз абыройы бәрінен биік. Сондықтан да қазақ атадан балаға жалғасып, ұстаздықты мұра еткен отбасылардың үйінде де ерекше береке болатындай. Ал Сәрсембековтер әулетінде 6 бірдей мұғалім бар.

Әулеттің ұйытқысы, жетпістің желкесінен асқан Мұратқали Сәрсембеков 35 жылдық еңбегім ақталып, ұстаз бақытына жеттім дейді.

«Мен Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Суықбұлақ орта мектебін бітірдім. Әскерге барып келген соң, ұстаздық жолды таңдадым. Семей облысының Педагогикалық институтын тәмамдап, химия және биология пәні мұғалімі ретінде Суықбұлақ орта мектебінде қызмет еттім.

Ұстаз шәкіртімен мәңгі мәуелі. Оқушының жетістігін көру – мұғалім үшін бақыт. Түлп ұшқан оқушыларым бүгінде белді мамандар, еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі салада абыройлы еңбек етуде. Отбасымдағы балаларым да бұл саланы таңдағанына қуанамын. Себебі ұстаздық жолда атқарған адал еңбек

ешқашан бағасыз қалмайды» деді ардагер ұстаз.

Мұратқали Сәрсембековтің зайыбы Зияш Сәрсембекова да ұзақ жылдар бойы мұғалім болып қызмет еткен. 36 жыл физика және математика пәні мұғалімі ұстаздықты арман-тілектен бұрын, қанмен, текпен дарыған мамандық, атакәсіп деп есептейді.

Ардагер ұстаздар – бүгінде 3 ұлын тәрбиелеп, олардың қызығын көріп отырған бақытты жандар. Ұлдарының бірі Ерлан Сәрсембеков – Астана қаласының Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі.

«Абыройлы мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін. Жарымды да осы саладан таптым. 16 жылдан асқан еңбек жолымда саланың қызығы мен қиындығы қатар жүретінін жете ұғындым. Педагог ретінде айқындап алған мақсатым – әр оқушының бойынан ерекше қабілеттерді тауып, оларды жаңа белестерге жеткізу» деп бөлісті мұғалім.

Бұл әулеттің бір ерекшелігі – отбасына түскен үш келіннің үшеуі де мұғалімдер. Олардың қатарындағы Лаура Сәрсембекова – елордалық Міржақып Дулатұлы атындағы

№68 мектеп-гимназиясының директоры. Өткен 20 жылында ол Астананың бірқатар мектептерінде әр жылдары директордың оқу, бейімдік жұмысы орынбасары қызметін атқарды.

– Әу баста мұғалім боламын деп ойламадым. Оған себепші болған әжем мен әкем еді. Сол кісілердің ықпалымен жоғары оқу орнына түсіп, бұл саланы жаным жақын тарттым. Қызметімді Шығыс Қазақстан облысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы ретінде бастадым. Кейін салада өсуіме қанат бітірген, әркез қанжығалап отырған менің ата-енем еді. Келін болып түскенде, олар түсіністікпен қарап, дастархан басында отырғанның өзінде «барып сабағыңа дайындала бер» деп үнемі қолғабыс білдіріп отырады.

Арада жылдар өтіп, отбасымызбен Астанаға көшіп келдік. Бірнеше білім беру мекемелерінде тәжірибемді жинақтап, соңғы екі жылда мектеп директоры ретінде жұмыс істеудемін. Қазіргі таңда Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясында 108 мұғалім оқытса, 1370 оқушы білім алады, – деді Л.Сәрсембекова.

Мектеп директорының айтуынша, ұстаздың басты миссиясы – балаға өмір сүру дағдыларын үйретіп, қоғамға оңай бейімдеп, өз орнын таба білуге көмектесу.

«Балаларыма тәрбие бергенде үнемі адамдармен жақсы қарым-қатынас орнату, көркем мінезді болудың мән-мағынасын ұғындыруға тырысамын. Себебі мұғалім үшін тиімді әрі дұрыс коммуникацияның орны айрықша. Мұғалім білгенімен ғана шектелмей, білімін одан әрі жетілдіруі қажет. Қазірде оқушыларға ұлттық құндылықтарға негізделген білім беруді, өз ойын анық әрі нақты жеткізетін тұлға ретінде қалыптастыруға басымдық беріледі. Оқу процесіндегі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқушылардың жалпы адами қасиеттерін арттыруға септесіп, бүгінде нәтижесін көрсетіп келеді» деді ол.

Ерлан мен Лаура Сәрсембековтер – көпбалалы ата-ана. Үйдің тұңғышы Медина Мұратқали – Астана Халықаралық университетінде биология пәні мұғалімі мамандығының 2-курс студенті.

«Мамандықты таңдауыма отбасым себепші болды. Балаға білім бере отырып, мейіріммен сусындатқаны әсер етіп, өзім де осы саланы жаным жақын көрдім. Мен ата-анамнан баламен дұрыс жұмыс істеудің, олардың тілін табуудың әрі сапалы білім берудің әркез жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеріп отырамын. Мұғалім – баланы ғана емес, тәрбиеге үйрететін екінші анасы. Отбасымызда ата-анамыз бізді ынталандыру мақсатында жақсы жетістігіміз не үлгеріміміз үшін шабыттандырып отырады. Қазіргі буын сапалы әрі жаңашыл оқыту жүйесін күтеді. Сабақ бағытында мейлінше көрнектіліктің жарқын түрлерін көрсету, қиын болып көрінген тақырыптың өзін ойын түрінде ұйырту оқушылар үшін маңызды» деп ой бөлісті студент.

Ұяда не көрсен, ұшқанға соны ілерсің. Ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып жатқан қасиетті мамандықты қоғамда дәріптеп, ұстаз атауын ұлағаттап жүрген әулеттердің болуы әріксіз сүйсіндіреді. Біліммен сусындатып, рухани және адами қасиеттерді балаға дарытып жүрген ұстаздардың еңбегі қашанда құрметті.

АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – БІЛІКТІ ҰСТАЗДАН

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметке лайық. Балаға үйретуден жалықпайтын мамандар түрлі ізденістері мен тың жобалары арқылы бүгінде білім берудің сапасын арттырып келеді. Жаңашылдыққа ұмтылған сондай педагогтардың бірі – елордалық №91 мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі Айгерім Бауыржанқызы.



Жаратылыстану ғылымдарының магистрі, жас маманның бүгінде еңбек өтілі – 5 жыл. Ақмола облысы, Бұланды ауданының тумасы ұстаздық атты ұлы жолға кездейсоқ келмегенін айтады.

«Ұстаздыққа келуім – бала кезімнен бастау алған арманымның жемісі. Өзім оқып жүргенде ұстаздарымның еңбегін көріп, олардың маған көрсеткен қолдауын сезініп, осы жолға түсуге бел будым. Жоғары оқу орнына түскеннен кейін осы саланы терең зерттей басқару және ұстаздықпен тек пәнді оқыту емес, адамның жүрегіне жол табу екендігін түсіндім. Бұл жолдың әр қадамда балаларға, олардың дамуына, болашағына үлес қосуды мақсат еттім» дейді А.Бауыржанқызы.

Небәрі 30 жасар маман биыл Астанада өткен қалалық Тамыз форумы барысында білікті әрі тәжірибелі мұғалімдермен қатар тұрып, спикер ретінде өзіндік білім берудің әдіс-тәсілдерімен бөліскен еді.

– Бүгінгі білім беру жүйесі жаңа заманғы тенденцияларға бейімделуді талап етеді. Биылғы Тамыз форумы «Digital Kazakhstan: жаңа заманғы білім беру» тақырыбында өтіп, мұнда жасанды интеллектті оқу процесіне енгізе отырып, оны жетілдірудің жаңа мүмкіндіктері сөз болды.

Биология пәні сабағында жасанды интеллектті қолдану қызықты әрі оқушылар үшін тиімді. Оқушылар күрделі биологиялық ұғымдарды жақсырақ

түсініп, түрлі құбылыстарды оңай меңгере алады. Визуализация және модельдеу әдісі – сабақ барысында маңызды. Жасуша құрылысы не эволюциялық процестерді 3D модельдері негізінде түсіндіру абстрактілі ұғымдарды көзбен көру арқылы жеңілдетеді. Интерактивті оқу материалдарын құруды жасанды интеллект өзі реттеп беріп отырады. Сонымен қатар әр оқушының деңгейіне қарай жасанды интеллект баланы жеке оқытып, қажетті ұсыныстарын бере алады. Жалпы оқушылардың өздері қызықтырған кез келген сауалды қоя отырып, түрлі нейрожелілер негізінде қосымша ақпарат алып, түсінбеген тақырыптарды оңай меңгеруге мүмкіндігі көп. Тәжірибем бойынша айтсам, оқушылар тарапынан жаңашыл оқыту жүйесі ұнайтыны туралы жылы біліздер жиі айтылады.

Білім беру жүйесі үнемі жаңару үстінде. Мұғалім де сол жаңалықтарға тез бейімделіп, заманға сай оқытуы тиіс. Ақпараттық технологияларды меңгеру тек компьютерді білумен шектелмейді, бүгінгінің педагог онлайн платформалар, жасанды интеллект құралдары, сандық ресурстарды тиімді қолдана алатын білікті маман болуы шарт. Осылайша, мұғалім білім беруші ғана емес, оқушылардың жан-жақты дамуына үлес қосатын жетекшіге айналады» деді ол.

Айгерім Бауыржанқызының сөзінше, заманауи ұстаз үнемі ізденіс үстінде жүріп қана қоймай, білгенінің бәрін балаға дұрыс жеткізе ғана өз ісінің шебері атанады.

«Оқушылармен жұмыс істеу – бір жағынан қызықты, кейде күрделі үдеріс. Дегенмен бала жаңа нәрсені меңгерсе, қандай да бір шыңдарды бағындырса, мұғалім үшін бұл қуаныш. Pedagog еңбегі сонда ғана ақталады. Әр бала – өзіндік қабілеті бар, ешкімге ұқсамайтын жеке тұлға. Баланы оқытуда шығармашылық әдіс-тәсілдерді қолдану мұғалімнің өзіне де шабыт береді. Ұстаз үлгісі баланың білімге құштарлығын арттырады деп білемін» деді мұғалім.

БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Қазақстанның болашағы – осы елдің жастарының қолында. Заңғар жазушы М.Әуезовтің «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деген нақыл сөз әр заманда өзектілігін жоғалтқан емес. Өйткені ұлттың болашағы оның тәрбиелеп отырған жас ұрпағының білімділігі мен парасатына тікелей байланысты. Қазіргі заманның жастары – елдің ертеңі, қоғамның қозғаушы күші, жаңа технологиялар мен білімнің иелері.

Тәуелсіздік алған жылдан бері мемлекет жастарға білім беруге, инновацияға, ғылым мен мәдениетке қолдау көрсетіп келеді. Тұңғыш Президентің «Жастар – біздің болашағымыз» деген сөзі әрбір жасқа жігер беріп, олардың елге деген патриоттық сезімдерін оятты. Жастар мемлекет үшін тек қана ең-



бек етуші күш емес, олар – Қазақстанның дамуы мен гүлденуінің кепілі.

Жастардың рөлі тек білім алумен шектелмейді. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ақ жүрек адал достардың» деп жырлағанындай, жастар елге адал болу керек. Әрбір жас өз болашағын Отанның болашағымен байланыстырып, адалдық, ерлік және әділдік жолында күресу арқылы мемлекетке өз үлесін қоса алады.

Қазақ елі жас буынның қолдауына сенеді, оларды ел тағдырын өз қолдарымен жасаушы деп біледі. «Болашақ бүгіннен басталады» демекші, әр жас азамат бүгіннен бастап өзінің Отан алдындағы міндеттерін түсінсе, елдің жарқын болашағы тек қана алда болары анық. Бұл – әрбір қазақ баласының мойнындағы үлкен жауапкершілік. Сол себепті олар елге деген сүйіспеншілік, білім мен еңбекқорлық жолында бір мақсатта жұмыс істеуі қажет. Қашанда «Отанды сүю – имманан» деген дана сөзді есте ұстау – әрбір жас азаматқа парыз.

Айсұлу КӘДЕНОВА,
Астана қаласы
І.Жансүгіров
атындағы №57 мектеп-гимназияның
10-сынып оқушысы





ТАРИХ ЖӘНЕ ТҰЛҒА

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Нұртас Оңдасынов» қоғамдық қоры мен «Қазақ газеттері» бірлестігі бірлесіп ұйымдастырған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың 120 жылдығына арналған «Нұртас Оңдасынов: тарих және тұлға» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұрғөре Жүсіп, мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов, ҚР Журналистер одағының мүшесі, оңдасыновтанушы Гүлсім Оразалиева және «Нұртас Оңдасынов» қоғамдық қорының президенті Серік Тәукебаев, сонымен қатар басқа да ғалымдар, Нұртас Оңдасыновтың ізбасарлары мен студенттер қатысты. Конференцияны Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, «Қазақ газеттерінің» Бас директоры Дихан Қамзабекұлы жүргізді.

Ал Н.Оңдасыновтың өмір жолын және оның республиканың әлеуеті мен экономикасын дамытуға, қазақ ғылымы мен мәдениетін, қазақ тіл білімін насихаттауға қосқан үлесін кеңі-

нен насихаттауға бағытталған конференцияның ашылу салтанатында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, академик Бауыржан Омарұлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін оқып берді.

«Құрметті қауым! Сіздерді аса көрнекті Мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың туғанына 120 жыл толуына арналған республикалық конференцияның ашылуымен құттықтаймын. Н.Оңдасынов – мемлекеттімізді нығайтуға зор үлес қосқан тарихи тұлға. Ол аса күрделі кезеңде ел басқарып, көптеген игі бастамаларға ұйытқы болып, халқының мүддесін бәрінен биік қойып, экономика, білім-ғылым, мәдениет саласында ауқымды өзгерістер жасап, қиын-қыстау кезеңнен кейін елімізді дамытуға, ұлтымыздың еңсесін тіктеуге өлшеусіз еңбек сіңірді. Нұртас Дәндібайұлы мемлекет басқару ісін жаңа деңгейге

көтерді. Ол қазақ қоғамын өркендетіп, ұлтжанды азаматтардың тұтас буынын тәрбиелеуге ден қойды. Сондай-ақ Н.Оңдасыновтың шығыстану саласына қатысты түсіндірме сөздіктері әлі де талай ұрпақтың кәдесіне жарай беретіні сөзсіз. Оның ғимаратты ғұмыры, отаншылдығы мен жұртына деген жанашырлығы әрдайым кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Бүгінгі жиында тұғырлы тұлғаның өмір жолы жан-жақты зерделеніп, оның еселі еңбегі туралы салмақты ой-пікірлер айтылады деп сенемін» деп жазылған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзінде.

Іс-шара барысында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің де мінберден құттықтау сөздері оқылып, Н.Оңдасыновтың өмірі мен шығармашылығы туралы баяндамалар жасалды.

Сенатор Нұрғөре Жүсіп Астанада, сондай-ақ оның туған қа-


ласында Нұртас Оңдасыновқа ескерткіш орнату және оның құрметіне көше беру туралы ұсынысын айтса, Мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов Нұртас Оңдасыновтың мемлекетті 13 жыл басқарғанын, сондай-ақ оның басты қасиеті – еңбекқорлығы екенін баса айтты.

Міне, осылайша 1922-1927 жылдар аралығында Ташкент орман шаруашылығы техникумында оқып, 1938-1951 жылдары Қазақстан үкіметін басқарып, 1954-1955 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып сайланып, қазақ үшін аянбай еңбек еткен қайраткердің артына қалдырған мұрасын елге жеткізу мақсатында ұйымдастырылған конференцияның кейінгі ұрпаққа берері мол екені кеңінен насихатталды.

«Біріншіден, сонша жыл ел басқарып, біреуден бір сом пара алған емеспін. Қолым таза. Екіншіден, 1937-1938 жылдардағы қаралы күндерде бір қағазға қол қойған емеспін. Арым таза. Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген емеспін, жүзім таза» деп артына сөз қалдырып кеткен Н.Оңдасыновтың өмірі жас ұрпаққа қашанда жол нұсқаушы бағдаршам болып тұра бермек.

ОҢДАСЫНОВТЫҢ ОН ҚАҒИДАСЫ

Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновты әр қырынан тұлғалайтын қабілет-қасиеттер жетерлік. Соның бәрі айналып келгенде, бірқатар тиянақты тұжырымға тіреледі. Оны біз Оңдасыновтың он қағидасы деп атадық.



Біріншіден, ол – мемлекеттік қызметші болудың үздік үлгісі. Оның бүкіл болмысы мемлекеттік қызметшінің бүгінгі әдеп кодексіне толық сай келеді. Өмірбаян деректеріне қарасақ, тіпті оның ұстанымы осы күні өзіміз әрең ілесіп жүрген сол әдеп кодексінің талаптарынан да анағұрлым асыңқырап кеткен секілді көрінеді бізге.

Екіншіден, ол – мемлекет қайраткері болудың өнегелі өлшемі. Саясаттың сынынан сүрінген жоқ. Биліктің буынан бүлінген тоқ. Топалаң жылдарда түңілген жоқ. Ұлтын ұмытпады. Жұртын жоғалтпады. Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, қаһарлы жылдардан аман-есен өтті.

Үшіншіден, ұлтын шексіз сүйді. Үкімет билігіндегі оның барлық шешімдері ұлт мүддесінен туындады. Кез келген мәселені қазақ топырағына бір ауналып алғанды жаны қалап тұрды. Қолға алған жобаларының бәрі де өміршең болды. Ұлттық академия ұлт ғылымының бесігіне, Қыздар университеті ұлт ұрпағының ұясына айналды.

Төртіншіден, халықты соңынан ерте білді. Орталық билік Мойынты-Шу теміржолын салуға қаржы бермеген соң, оны халықтық құрылыс деп жариялады. Ел-жұрт Оңдасыновты бір ауыздан қолдап, жаппай жұмысқа шықты. Қазіргі екі астананы қосатын бұл жолдың әлі күнге дейін бір шпалы да қисаймай тұр.

Бесіншіден, қай кезде де қарапайымдылығынан танған жоқ. Сейіт Қасқабасов сынды жетінші кластың жұқалтан баласы кабинетіне қалаған уақытында еркін кіріп-шыға беретін Жоғарғы Кеңес Президиумының тегеурінді төрағасы бюрократия дегеннің не екенін білген жоқ.

Алтыншыдан, ол ұлт пен жұртқа қажетті билікті кадрлар даярлаған ұлағатты ұстаз еді. Жастарды шетінен жауапты қызметке тартты. Бұған осыдан ширек ғасыр бұрын «Хабар» агенттігінің тапсырмасымен Нұртас Оңдасынов туралы деректі фильм түсірген кезімізде әбден көз жеткіздік. Халқымызға кең танымал тұлғалар Сағидолла Құбашев, Сафи Өтебаев, Рахмет Өтебаев, Ғарай Сағымбаевтар алды тоқсанға, соңы секенге таяп қалғанына қарамастан ұстаздың алдынан жаңа ғана сабақ алып шыққан ширақ шәкірттей оның өшпес рухын өбектеді де отырды.

Жетіншіден, оның қолы да, ары да, жаны да таза болды. Тәубешілдігінен танбады. Қызметі өссе, тасымады, қызметтен түссе, жасымады. Үкіметті билеп, дүниенің тұтқасын ұстап тұрса да, өте жұпыны ғұмыр кешті.

Сегізіншіден, қай істі де сапалы атқарды. Мәселен, шығыстану ғылымы үшін бағалы қазақша-парсыша және арабша-парсыша сөздіктері әлі күнге дейін бүгінгі ұрпақтың кәдесіне жарап тұр.

Тоғызыншыдан, ол мемлекеттік қызметшіге тиісті дресс-кодты, яғни киім үлгісін сақтаудың эталоны болды. Тіпті демалысқа шыққан соң өз үйіндегі жеке кабинетінде де қызметтік жұмыс режиміне бағынғаны, үстел басында қызметтік киім киіп отырғаны – осының дәлелі.

Онныншыдан, өзінің қателіктерін де мойындай білді. Баяғыда Мәскеуге емес, Алматыға кетпегеніне, сөздік саласындағы ісін жалғайтын шәкірт дайындамағанына, ұрпақтарына қазақы тәрбие бере алмағанына өкінгені – соның айғағы.

Сонымен, Оңдасынов дегеніміз – мұнай, өндіріс, ғылым, тәрбие, тіл, тәжірибе, еңбек, сөздік және жастар...

Еңдеше, оның осы он қағидасын бүгінгі мемлекеттік қызметтегілер жастанып жатып ұйықтаса дейміз де... Лайым, солай болсын!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ҰЛТ МҮДДЕСІН ТҮ ЕТКЕН

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында жазушы, журналист, оңдасыновтанушы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Гүлсім Оразалықызымен кездесу өтті. «Ұлт мүддесін ту еткен тұлға» атауын иеленген бұл жүздесу Биыл туғанына 120 жыл толып отырған аса көрнекті мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасыновтың өмірі мен қызметіне арналды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Нұртас Оңдасынов 1938-1951 жылдары Қазақстан үкіметін басқарды. Осы қызметке тағайындалғанда ең алдымен қолға алған ісі сауатсыздықты жою болды. Сол мақсатта еліміздің әр аймағында мектептер ашты.

«Сөйтіп 1-2 жылдың ішінде бүкіл Қазақстанды сауатты мемлекетке айналдырды. Сауаттылық жағынан ең соңында жүрген қазақ мемлекеті 1939 жылғы санақ бойынша бесінші орынға көтерілді. Бұдан Нұртас Оңдасыновтың қыруар еңбегін көруге болады. Бұл кісі «Білімді ел – биік ел» деп өзі айтатын» деді Гүлсім Оразалықызы.

Оның тұсында мектептермен

қатар жоғары оқу орындары да ашылды. Соның бірі – Алматыдағы Қазақ қыздар педагогикалық институты. «Сондағы Оңдасыновтың ойы «ауылда жатқан қазақтың қарагөз қыздары оқысын» болды». 3-4 жыл бұрын осы оқу орнының қабырғасына оны Нұртас Оңдасыновтың құрғанын танытатын тақта ілінді» деді кітапхана қонағы.

Қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы да Нұртас Оңдасыновтың үкіметті басқарған жылдары есігін айқара ашты. Гүлсім Оразалықызының айтуынша, қайраткердің сондағы мақсаты – одан бұрын елде ашылған драма және опера театрларына маман даярлау еді. Бұған қоса, сол жылдары шет тілдер институты,

дене тәрбиесі институты ашылды.

«Нұртас Оңдасыновтың ең басты қолға алғаны ғылым академиясын ашу болды. Сонда ғалымдарды шақырып, әңгімелескенде ешқайсының білімі, өресіне көңілі толмады. Ойланyp жүрiп, алдында «Социалистік Қазақстан» газетінен Қаныш Сәтбаевтың мақаласын оқығаны есіне түсті. Онда проблема сауатты көтерілген, қазақ геологиясының барлық мәселелері ашылып жазылған еді. Көмекшісі арқылы Сәтбаевты тауып, Қазақстанда Ұлттық ғылым академиясының құрылуына, оның президенті болып Қаныш Сәтбаевтың тағайындалуына мұрындық болды» деді Гүлсім Оразалықызы.

Нұртас Оңдасынов еліміздегі өндірістің аяққа тұруына да үлес қосты. Ұлы Отан соғысы жылдары

темір, металлургия өнімдері керек болған соң, Теміртау қаласы құрылды. Сол жылдары Өскеменде өндіріс ошағы, Ақтөбеде хром зауыты, Шымкентте қорғасын зауыты бой көтерді. Ертіс – Қарағанды, Арыс – Түркістан арналары жобаланып, салына бастады.

«Нұртас Оңдасыновтың бітірген бір үлкен шаруасы – Мойынты – Шу теміржолы. Бұл теміржол көмір, тағы басқа да маңызды өндіріс өнімдерін диттеген жерге жеткізу жолын едәуір қысқартты» деді журналист.

Оның айтуынша, Нұртас Оңдасынов қазіргі Атырау, бұрынғы Гурьев өлкесін басқарғанда да аймақтың дамуына қыруар үлес қосты. Сол кезде КСРО басшысы Никита Хрущевтің алдында Мақат пен Ақтаудың ортасына теміржол салу, мұнай өндірісін дамыту мәселелерін батыл көтерді. Оңтүстіктегі үш ауданның Өзбекстанға беру жөніндегі Хрущевтің шешіміне ашық қарсылық танытты.

Нұртас Дәндібайұлы қазақтың салт-дәстүрлерінің, ұлттық ойындарының сақталуына мүдделі болып, жүрген жерінде соны айтатын. Бұл туралы көрнекті әдебиеттанушы ғалым Шерияздан Елеуенов өз естеліктерінде жазған.

Кездесуде журналист, белгілі қылқалам шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сейсенхан Махамбет Нұртас Оңдасыновтың қайраткерлік қырларына, мемлекетшілдігіне тоқталды. Оңдасынов туған жердің перзенті, оның атындағы ауыл мен мектептің түлегі, «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторы орынбасарының міндетін атқарушы Орынбек Өтеұрат тұғырлы тұлғаның өзіне әсері туралы әңгімеледі.

ҚАЛАҒА СӘН ҚОСҚАН ЭКОЖОБА

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы аясында «Taza Astana» экожобасын іске асыру жалғасуда. Жоба қаланы абаттандыруға, санитарлық жағдайды жақсартуға, балалар алаңдары мен аулаларды қоса алғанда, инфрақұрылымды көгалдандыруға және жөндеуге бағытталған.



«Taza Astana» экожобасының комиссия мүшесі Шыңғысхан Қожахметовтың айтуынша, бұл жоба қаладағы тұрғын үй маңын абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалау, аулада тазалық жұмыстарын жүргізу, балалар алаңдарының тозығы жеткен жерлерін жөндеу бойынша жүйелі жұмыс құруға бағытталған. Осы жұмыстарды кезең-кезеңімен іске асыру аталған аумақтарды пайдалануға, күтіп ұстауға, қызмет көрсетуге, сондай-ақ тазартуға жауапты заңды және жеке тұлғалардың жұмысын ретке келтіруге мүмкіндік береді.

– Жалпы үйге кіреберістен бастап есіктің дұрыс ашылып-жабылуы, ақпарат тақтайшасының орналасуы, онда қажетті ақпараттардың толық болуы, өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуы маңызды. Сонымен бірге МИБ жұмысына тұрғындардың көңілі тола ма? МИБ-тің жауапкершілігі қандай? Әрбір үй осы критерийлерге жауап беріп, кешендеріміз жақсы көрсеткіштерге ие болса, айналамыздың тазалығына жақсы көңіл бөлінетін болса, қаламыз таза болады деген сенімдемін, – деді комиссия мүшесі.

«Сәулет» тұрғын үй кешеніндегі МИБ төрайымы Жанна Ефремова акция туралы Алматы ауданы әкімдігінен естігенін жеткізді.

– «Сәулет» тұрғын үй кешені – 14 жылдан астам уақыт бұрын тұрғызылған пробле-

малық нысандардың бірі. Бізде кемшіліктер көп болса да, тұрғындармен бірлесіп экожобаға қатысуға шешім қабылдадық. Жалпы жобаға қатысу шарттарымен келісемін. Меніңше, бір адамның қолынан ештеңе келмейді. Бізге тұрғындар көмектеседі. Ортақ мәселені бірлесіп талқылап, алда атқарылатын жұмыстар бойынша жоспар құрамыз. Мәселен, өткен жылы шатырды жөндесек, биыл үйдің кіреберісі жөнделуде. Біз «Taza Astana» әлеуметтік жобасы қатысушы-

лары қатарына енгеніміз үшін өте қуаныштымыз. Мұндай жобалар аясында үйіміз бен ауламыздың сәні кіріп қана қоймай, тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтереді деп есептейміз. Тазалыққа бәріміз бірлесіп үлес қоссақ, айналамызды таза ұстасақ, қала көркейеді, – деді МИБ төрайымы.

«Taza Astana» экожобасының мақсаты – қалалық аумақтарды күтіп ұстауға жауапты ұйымдар мен тұлғалардың жұмысын жүйелеу. Жоба кезең-кезеңімен

жүзеге асырылуда: алдымен көппәтерлі үйлер мен іргелес учаскелердің тізілімі құрылды, олардың әрқайсысы жауапты тұлғаларға тағайындалды. Деректерді ыңғайлы және бақылау үшін бірыңғай тізілімдер құрылады, онда ғимараттар мен аумақтардың түрлері туралы ақпарат енгізіледі.

«Taza Astana» жобасы үш айдан астам уақыт бойы тестілік режимде жұмыс істеп келеді. Экологиялық комиссиялардың жұмысын бағалау үшін тұрақты критерийлер әзірленді. Маңызды қадамдардың бірі жүйенің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу болды: тазалау кестелері бар тақтайшаларды орнату, жауапты адамдармен байланысу үшін байланыс нөмірлерін көрсету. Сондай-ақ тізілімдердің ішінде ғимараттың ерекшелігін көрсететін маңызды ақпарат бар (ашық аула, қоршалған аумақ, автотұрақ шатырындағы аумақ) – бұл өте маңызды, өйткені мердігерлер мен қызмет көрсететін ұйымдардың жауапкершілігін ажыратуға болады.

Пилоттық кезең аяқталғаннан кейін жоба тұрақты негізге көшеді. Қала тұрғындары экологиялық комиссиялар жұмысының нәтижелерін онлайн режимде бақылай алады, ал тазалау және абаттандыру бойынша сәйкестік актілері барлығына қолжетімді болады. «Taza Astana» жобасы қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға және қалалық қоғамдастықты дамытуға маңызды үлес қосады.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

КӨЛІК ТҰРАҒЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Астана тұрғындарын үнемі мазалайтын мәселенің бірі – автокөлік тұрағының тапшылығы. Байқоңыр ауданында аталған проблема біртіндеп шешіліп келеді.



Аудан аумағында 3 500 шаршы метр аумақта тағы бір автотұрақ жайластырылды. Ол Аманкелді Иманов көшесіндегі №18/1, №18/2, Шолпан Иманбаева көшесіндегі №8/1, №8/3

үйлерінің аумағын қамтиды. Бұл тұрғын үй тұрғындары үшін автотұрақ көп жылдан бері түйткілді проблемалардың бірі болып келді.

Жыл санап қала халқы өсіп,

көлік саны да артып келеді. Ал үй маңында көлік тұрақтарының болмауы тұрғындар үшін қиындық туғызып келді. Кейде жүргізушілер үйінің маңынан көлігін қоятын орын таппаған

соң, көлікті жол жиегінде қалдырып кетуге мәжбүр болады. Бұл өз кезегінде апат қаупінің артуына, кептелістің туындауына алып келеді.

Аудан тұрғындары балаларды есік алдындағы ойын алаңына жіберудің қауіпті екенін, аулада көлік толып тұрғандықтан, шұғыл жағдайда өрт сөндірушілер мен жедел жәрдем де кіре алмай қалып жататынын айтып әкімдікке жиі шағымданған болатын. Жыл басынан бері осы мәселе бойынша тұрғындармен бірнеше мәрте жеке қабылдаулар, көшпелі кездесулер өткізілді. Нәтижесінде, ағымдағы жылы аула кеңістігі кешенді абаттандырылып, бүгінгі күні осы учаскеде аумағы 3500 шаршы метрді құрайтын үлкен көлік тұрағы жайластырылды.

Сонымен қатар, тұрғындардың өтінішіне байланысты аталған аумақта тротуар да төселіп, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ бұл учаскеде осыған дейін жаңбыр суы мен еріген қар суы да жиі жиналатын.

Бүгінде автотұрақ жайластыра отырып, бұл мәселе де шешімін тапты.

Астананың Сарыарқа ауданында Конституция көшесі, 25 мекенжайында қазақтың көрнекті опера әншісі және халық әртісі Күләш Байсейітоваға арналған жаңа мурал пайда болды.

КӨШЕДЕ КҮЛӘШ БЕЙНЕСІ


15 метрлік сурет өзінің ауқымымен ғана емес, терең символизмімен де назар аударады.

Мурал Байсейітова шығармашылығының бірегейлігі мен жан-жақтылығын бейнелейді, ол Қазақстан мәдениеті тарихындағы көрнекті тұлғаға айналды. Жарқын және мәнерлі сурет оның опера мен ұлттық

музыканың дамуына қосқан елеулі үлесін еске салады.

Жұмыстың қызықты ерекшелігі, орындау техникасы – пуантилизм, онда кескін көптеген нүктелердің көмегімен жасалады.

Муралдың суретшісі Адай Исаянов, ол заманауи көркемдік техникалар арқылы ұлы әншінің бейнесін қайта жасап шығарды.



ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

Жыл басынан бері елордалық прокурорлар 217 тексеру және 82 талдау жүргізді, олардың нәтижесі бойынша 90 қадағалау актісі енгізілді және 23 материал тіркелді, оның ішінде сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар анықталды. Бұл туралы Коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана прокуратурасының сотқа дейінгі тергеу және қылмыстық қудалау заңдылығын қадағалау басқармасының аға прокуроры Ербол Мақашев айтып берді.

Ведомство өкілі астана-лықтарға сыбайлас жемқорлықтың ауыр қылмыс болып саналатынын және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес пара берген адам да, алған адам да жазаланатынын ескертті. Бұл әрекеттер үшін жауапкершілік қылмыстың мән-жайына байланысты түрлі баптар арқылы қарастырылған.

– Пара алғаны үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның 70-80 еселенген сомасы бойынша айыппұл немесе 10 жылдан 15 жылға дейін түрмеде отыру қарасты-

рылады. Қосымша жаза ретінде мүлкті тәркілеу де бар. Ал пара бергені үшін құқық бұзушыға параның 50-60 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салынуы немесе 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарылуы мүмкін. Сондай-ақ егер сіз билік өкіліне пара беру фактісі туралы өз еркіңізбен хабарласаңыз, сіз қылмыстық жауапкершіліктен босатылуыңыз мүмкін екенін есте ұстаған жеріңіз, – деді Ербол Мақашев.

Астана прокуратурасы азаматтарды сақ болуға және сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық фактілерін дереу хабарлауға шақырады.

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы институттың педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Науша Кабешқызы Қажекеноваға жолдасы Қанат Рамазанұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№119 (4707) 05/10/2024 Сенбі



«ҚАЗАҚКОНЦЕРТТІҢ» ӨНЕР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында «Біздің жәрмеңке» атты ұлттық өнер мерекесі өтті.

«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының өнерпаздары көрермен назарына Қоянды, Көкжар, Қараөткел сынды тағылымы мол тарихи жәрмеңкелерді жаңғыртып, дәстүрлі өнердің барлық тұстарын қамтыған жаңа форматтағы думанды кешін ұсынды.

Концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жанғали Жүзбай, Құмарбек

Қалқатай, Ардақ Балажанова, Елмұра Жаңаберген, Айгүл Елшібаева, Раушан Оразбаева, Айзат Қарабекова, Нұрболат Арзамасұлы, Мәдениет қайраткерлері Толғанбай Сембаев, Ерболат Шалдыбеков, Мәдениет саласының үздігі Перизат Тұрарова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Асқар Мұқият, Күнсұлу Түрікпен,

халықаралық байқаулардың лауреаттары Ақерке Тәжібаева, Дінісламбек Жайлаубай, Біржан Айтахметов, Әлихан Дүйсенбай, Венера Табыс, Дария Бекпенбетова, Аяулым Қамажан өнер көрсетті. Бұған қоса, «Астана сазы» мемлекеттік фольклорлық ансамблі мен «Бірлік» би ансамблі өнерлерін ортаға салды.

ҮЗДІК ТЕАТР АТАНДЫ

Ақтау қаласында өткен Қазақстанның Халық жазушысы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлының 85 жылдығына арналған III халықаралық «Әбіш әлемі» театр фестиваліне «Қарагөз» спектаклімен қатысқан Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры «Үздік театр» аталымында топ жарды.

Биылғы фестивалге Қазақстанның бес театрынан бөлек әлемнің түкпір-түкпірінен келген Иран, Татарстан, Қырғызстан, Грузия және Монғолияның театрлары қатысты. Соның ішінде қаллекиліктер ұсынған заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» қойылымы театр сарапшыларының жоғары бағасын алды. Бұл спектакльдің қоюшы режиссері – Гүлсина Мирғалиева, қоюшы-суретшісі – Қанат Мақсұтов, киім суретшісі – Мәдина Қосмағамбетова, музыкамен көркемдеген – Олжас Дәлелхан.



ШОРТ-ТРЕКТЕН ТОП ЖАРДЫ

Сарыарқа велотрегінде шорт-тректен Қазақстан Республикасының іріктеу чемпионаты өтті. Чемпионатта еліміздің 10 облысынан келген 117 спортшы бақ сынады.

Жарыстың алғашқы күні 1500 метр қашықтықта жеңімпаздар анықталды. Әйелдер арасында 1500 метрге сыңға түскен Астана қаласының спортшысы Малика Ермек күміс жүлдегер атанды. Ал ерлер арасында (1500 м) елордалық Әділ Ғалиахметов жеңіс тұғырынан көрінді.

«Мұнда бапкерлер алдағы Әлем кубоктарына, Азия ойындарына баратын құрамды іріктеп жатыр. Яғни, бір қашықтықта бірінші орын алғандар Ұлттық құрамаға кіреді. Бүгін жоспарды орындап тұрмын. Соған қарамастан қалған қашықтықтарда да жүгіремін. Бірақ бар күшімді салмаймын, сақтаймын. Алда ұзақ маусым күтіп тұр. Осыған дейінгі жылдары жарыстарда бар күшімді салып, маусым аяғында шаршап қалатынымын. Енді асықпай бастап, соңына



дейін күшімді жеткізіуім керек. Қазіргі мақсат – осы ойымды жүзеге асыру» деді жеңімпаз Әділ Ғалиахметов.

Жаттықтырушылар штабы осы чемпионаттың қорытындысы бойынша 2024/2025 қысқы маусымға екі құрама жасақтауды жоспарлап отыр.

Биыл команда World Tour сериясының жарыстарында, сонымен қатар 4 құрлық чемпионаты, дүниежүзілік Универсиада, қысқы Азия ойындары және әлем чемпионаты секілді маңызды додаларда бақ сынамақ.

ЕЛОРДАЛЫҚ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Түркістан қаласында 2 күнге созылған триатлоннан Азия кубогы аяқталды. Жарыс кезінде Қазақстан, Өзбекстан, Германия, Сингапур, Қырғызстан, Беларусь елдерінен келген атлеттер ересектер (элит) және жасөспірімдер санатында кіл мықтыны анықтады.

Айтулы додада жасөспірімдер санатында Астана қаласының спортшылары жеңіс тұғырынан көрінді. Атап айтқанда, ерлер арасында Әли Жанат алтыннан алқа тақса, Қуаныш Бекенов күміс жүлдегер атанды. Ал қыздар арасында Диана Ержанова бірінші орынға ие болды. Олар 750 метрге жүзуден, 20 шақырым веложарыстан, 5 шақырым жүгіруден сыңға түсті.



«АСТАНА» ЖЕҢІСПЕН БАСТАДЫ

Елордалық «Астана» UEFA Конференция лигасы жалпы кезеңіндегі алғашқы ойынында Сербияның ТСЦ командасымен кездесіп, жеңіске жетті.

Алматыда өткен ойынның 15-минутында елордалық Кипрас Кажуколас есеп ашты. Сербиялық футболшылар таразы басын теңестіруге қан-

ша ұмтылғанымен, таблодағы есеп өзгеріссіз қалды.

Осылайша «Астана» қарсыласынан 1:0 есебімен басым түсіп, аталған турнирдегі алғашқы

жеңісіне қол жеткізді.

Енді «Астана» 24 қазанда сырт алаңда «Нью-Сейнтс» (Уэльс) командасымен ойнайды. Одан кейін 7 қарашада «Пафос» (Кипр), 28 қарашада «Витория» (Португалия), 12 желтоқсанда «Челси» (Англия), 19 желтоқсанда АПОЭЛ (Кипр) клубтарымен кездеседі.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ФИЛАРМОНИЯ

2024 ЖЫЛЫ 7 ҚАЗАН басталуы 19:00

Лашын Мұратқызы

«ҚАЙТАР МАҒАН» ӘН КЕШІ

7 қазан 19:00

Филармония

Концерт «Дударай» в гармонии с классикой

8 қазан 19:00

Астана Opera

ҚОШ, МАХАББАТ

8 қазан 19:00

Ә.Мәмбетов театры

ҚАРАГӨЗ

9 қазан 19:00

Қуанышбаев театры

ТЕАТР ӘЛЕМІ (концерт-қойылым)

9 қазан 19:00

Музыкалық жас көрермен театры

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №119

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ